

**"Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустар куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының нысанын бекіту туралы"**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 104 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 31 наурызда № 13561 болып тіркелді.

"Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 32-бабының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 29.03.2019 № 151 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Келесі:

1) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес нысанда;

2) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес нысанда;

3) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес нысанда;

4) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес нысанда;

5) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес нысанда;

6) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік (мұрагердің (лердің) мұрадан бас тарту жағдайында басқа мұрагердің (лердің) пайдасына) осы бұйрықтың 6 - қосымшасына сәйкес нысанда;

7) өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік (мұрагердің (лердің) мұрадан бас тарту жағдайында басқа мұрагердің (лердің) пайдасына) осы бұйрықтың 7 - қосымшасына сәйкес нысанда;

8) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес нысанда;

9) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес нысанда;

10) өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік (мемлекетке немесе заңды тұлғаға берілетін өсиет бойынша мұраға) осы бұйрықтың 10-қосымшасына сәйкес нысанда;

11) өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 11-қосымшасына сәйкес нысанда;

- 12) заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 12-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 13) өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік осы бұйрықтың 13-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 14) меншік құқығы туралы куәлік осы бұйрықтың 14-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 15) меншік құқығы туралы куәлік осы бұйрықтың 15-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 16) меншік құқығы туралы куәлік осы бұйрықтың 16-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 17) азаматтың тірі екендігі фактісін куәландыру жөніндегі куәлік осы бұйрықтың 17-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 18) кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз азаматтың тірі екендігі фактісін куәландыру туралы куәлік осы бұйрықтың 18-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 19) азаматтың белгілі бір жерде бар болу фактісін куәландыру туралы куәлік осы бұйрықтың 19-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 20) құжаттарды сақтауға қабылдау туралы куәлік осы бұйрықтың 20-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 21) өтінішті беру туралы куәлік осы бұйрықтың 21-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 22) азаматтармен жасалған шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 22-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 23) заңды тұлғаның қатысуымен жасалған шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 23-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 24) азаматтармен өкілдің қатысуы арқылы жасалған шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 24-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 25) заңды өкілінің келісімімен әрекет етуші кәмелетке толмағанның (14 жастан 18 жасқа дейін) қатысуымен жасалған шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 25-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 26) азаматтардың дене кемістігі, ауруы, сауатсыздығы салдарынан немесе қандай да болмасын басқа себептерге байланысты өзі қол қоя алмайтын адаммен жасалатын шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 26-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 27) жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы азаматтар жасаған шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 27-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 28) жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы заңды тұлғаның қатысуымен жасалған шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 28-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 29) жылжымайтын мүлікті өкілдің қатысуымен иеліктен шығару туралы шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 29-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 30) азаматтардың дене кемістігі, ауруы, сауатсыздығы салдарынан немесе қандай да болмасын басқа да себептерге байланысты өзі қол қоя алмайтын адаммен жасалған жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 30-қосымшасына сәйкес нысанда;

31) шарт баяндалған тілді білмейтін адамның қатысуымен шарттың мәтінін оған нотариус ауызша аударған шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 31-қосымшасына сәйкес нысанда;

32) шарттың баяндалған тілді білмейтін адамның қатысуымен жасалған шарттың мәтінін оған аудармашы ауызша аударған шартқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 32-қосымшасына сәйкес нысанда;

33) келісімге куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 33-қосымшасына сәйкес нысанда ;

34) міндеттемеге куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 34-қосымшасына сәйкес нысанда;

35) өсиет қалдырушының өз қолымен жазылған өсиетке куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 35-қосымшасына сәйкес нысанда;

36) куәнің қатысуымен нотариус жазып берген өсиетке куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 36-қосымшасына сәйкес нысанда;

37) дене кемістігі, ауруы, сауатсыздығы салдарынан немесе қандай да болмасын басқа себептерге байланысты өзі қол қоя алмайтын адамның атынан өсиетке куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 37-қосымшасына сәйкес нысанда;

38) екі куәнің қатысуымен нотариус жасаған, конверттегі құпия өсиетке куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 38-қосымшасына сәйкес нысанда;

39) азамат берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 39-қосымшасына сәйкес нысанда;

40) қайта сенім білдіру тәртібімен азамат берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 40-қосымшасына сәйкес нысанда;

41) жарғы немесе ереже бойынша әрекет ететін заңды тұлға берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 41-қосымшасына сәйкес нысанда;

42) заңды тұлғаның қайта сенім білдіру тәртібімен берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 42-қосымшасына сәйкес нысанда;

43) 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағанның заңды өкілі берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 43-қосымшасына сәйкес нысанда;

44) өзі және өзінің 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған баласы үшін әрекет ететін азамат берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 44-қосымшасына сәйкес нысанда;

45) заңды өкілінің келісімімен әрекет ететін 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған бала берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 45-қосымшасына сәйкес нысанда;

46) дене кемістігі, ауруы, сауатсыздығы салдарынан немесе қандай да болмасын басқа себептерге байланысты өзі қол қоя алмайтын адам берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 46-қосымшасына сәйкес нысанда;

47) жеделхат-сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 47-қосымшасына сәйкес нысанда;

48) көшірменің құжат түпнұсқасымен дұрыстығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 48-қосымшасына сәйкес нысанда;

49) алып тасталды – ҚР Әділет министрінің 29.03.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50) алып тасталды – ҚР Әділет министрінің 29.03.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51) құжаттан үзінді көшірменің дұрыстығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 51-қосымшасына сәйкес нысанда;

52) құжат көшірмесінен жасалған көшірменің дұрыстығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 52-қосымшасына сәйкес нысанда;

53) қолтаңбаның түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 53-қосымшасына сәйкес нысанда;

54) сенімхат бойынша әрекет жасайтын азаматтың қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 54-қосымшасына сәйкес нысанда;

55) заңды тұлға өкілінің қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 55-қосымшасына сәйкес нысанда;

56) заңды өкілінің келісімімен әрекет ететін кәмелетке толмағанның (14 жастан 18 жасқа дейін) қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 56-қосымшасына сәйкес нысанда;

57) дене кемістігі, ауруы, сауатсыздығы салдарынан немесе қандай да болмасын басқа себептерге байланысты басқа адам үшін қол қойған азаматтың қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 57-қосымшасына сәйкес нысанда;

58) нотариус жасаған аударманың дұрыстығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 58-қосымшасына сәйкес нысанда;

59) аудармашының қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 59-қосымшасына сәйкес нысанда;

60) құжаттың көрсетілген уақыты туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 60-қосымшасына сәйкес нысанда;

61) төлем туралы вексельге куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 61-қосымшасына сәйкес нысанда;

62) чек бойынша төленбеген төлем туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 62-қосымшасына сәйкес нысанда;

- 63) мұраға құқық туралы куәліктің (шарттың, өсиеттің, сенімхаттың) телнұсқасына куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 63-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 64) тізілімнен үзінді көшірменің дұрыстығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 64-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 65) тұрғын үй салуға, сатып алуға немесе күрделі жөндеуге қарыз (несие) берілуіне байланысты оны иеліктен шығаруға тыйым салу осы бұйрықтың 65-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 66) мүлікті иеліктен шығаруға тыйым салу осы бұйрықтың 66-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 67) кепіл туралы шартқа байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен шығаруға тыйым салу осы бұйрықтың 67-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 68) акцепт күнінің көрсетілмеуіне наразылық туралы актісі осы бұйрықтың 68-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 69) вексельдің төленбегеніне наразылық туралы актісі осы бұйрықтың 69-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 70) акцептелмеген вексельге наразылық туралы актісі осы бұйрықтың 70-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 71) теңіз наразылығы туралы актісі осы бұйрықтың 71-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 72) шетелде әрекет жасауға арналған сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 72-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 73) шетелде әрекет жасау үшін заңды тұлғаның берген сенімхатына куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 73-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 74) бір мезгілде сауатты және сауатсыз адамдардың аттарынан шетелде әрекеттер жасау үшін берілген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 74-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 75) 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалардың заңды өкілдерінің ( ата-анасының, асырап алушыларының, қамқоршысының) келісімімен шетелде әрекет жасауға арналған сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 75-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 76) аудармашының бір мезгілде сенімхат мәтінін аударып отырып шетелде әрекет жасауға арналған сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 76-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 77) нотариустың бір мезгілде сенімхат мәтінін аударып отырып шетелде әрекет жасауға арналған сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 77-қосымшасына сәйкес нысанда;
- 78) шетелде әрекет жасауға арналған өтініштерге және өзге де құжаттарға қойылған қолтаңбаның түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 78-қосымшасына сәйкес нысанда;

79) сауатсыз адамның атынан шетелде әрекет жасауға арналған өтініштердегі және өзге де құжаттардағы қолтаңбалардың түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы бекітілсін осы бұйрықтың 79-қосымшасына сәйкес нысанда;

80) атқарушылық жазба осы бұйрықтың 80-қосымшасына сәйкес нысанда;

81) атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы осы бұйрықтың 81-қосымшасына сәйкес;

82) меншік құқығы туралы куәлік (бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар тұлғалардың ортақ бірлескен мүлкіндегі олардың өтініші бойынша берілетін үлеске) осы бұйрықтың 82-қосымшасына сәйкес нысанда;

83) 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағанның заңды өкілінің шетелде әрекет ету үшін берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 83-қосымшасына сәйкес нысанда;

84) Өзі және өзінің 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған баласы үшін шетелде әрекет ету үшін берген сенімхатқа куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 84-қосымшасына сәйкес нысанда;

85) заңды өкілдің келісімімен әрекет ететін кәмелетке толмағанның (14 жастан 18 жасқа дейін) шетелде іс-әрекеттер жасауға арналған өтініштер мен өзге де құжаттардағы қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландыру туралы куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 85-қосымшасына сәйкес нысанда;

86) келісімге куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 86-қосымшасына сәйкес нысанда ;

87) азаматтардың дене кемістігі, ауруы немесе сауатсыздығы салдарынан немесе қандай да бір өзге себептер бойынша өзі қол қоя алмайтын адаммен жасалған келісімге куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 87-қосымшасына сәйкес нысанда;

88) Өкіл жасаған келісімді куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 88-қосымшасына сәйкес нысанда;

89) Заңды өкілінің келісімімен әрекет ететін 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған келісімге куәландыру жазбасы осы бұйрықтың 89-қосымшасына сәйкес нысанда;

90) Құпия өсиетті қабылдау туралы куәлік жазбасы осы бұйрықтың 90-қосымшасына сәйкес нысанда;

91) Құпия өсиетті ашу және жария ету хаттамасы осы бұйрықтың 91-қосымшасына сәйкес нысанда;

92) Қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық жазба осы бұйрықтың 92-қосымшасына сәйкес нысанда бекітілсін;

93) Құпия өсиетті сақтауға беру туралы куәлік жазбасы осы бұйрықтың 93-қосымшасына сәйкес нысанда.

94) нотариус дайындаған электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыру туралы куәландыру жазбасы;

95) қағаз жеткізгіште нотариус дайындаған құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландыру туралы куәландыру жазбасы.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 29.03.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2019 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2021 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 33 " Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустермен куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының нысанын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7448 болып тіркелген).

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 22 қазандағы № 300 " Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустермен куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының нысанын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9888 болып тіркелген) бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына

жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нысан

## ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(бір немесе бірнеше мұрагерлерге берілетін)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа  
мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі,

\_\_\_\_\_ берілген күні, мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе

жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_-бабының

негізінде 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған

азамат (ша) \_\_\_\_\_ мүлкіне, оның

(мұра қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

(егер бірнеше мұрагер көрсетілсе, "әрқайсысы тең үлесте болады"

деп көрсетіп) \_\_\_\_\_

(мұрагердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), олардың

мұра қалдырушымен туыстық қатынастары, туған күні және жері,

жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрған жері)

мұрагер болып табылатынын куәландырамын. Осы куәлік берілген мұралық

мүлік \_\_\_\_\_

(куәлік берілген мүлік, идентификақтау сипаттамалары, мүліктің

меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері

көрсетіледі)

тұрады.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: егер заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде

мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда "көрсетілген



мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркеуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
2-қосымша

Нысан

## ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(ұсыну құқығы бойынша)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариуска  
мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі,

\_\_\_\_\_ берілген күні, мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе

жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_\_-бабының

негізінде 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған

азамат (ша) \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

мүлкіне 20\_\_ жылдың " \_\_ " \_\_\_\_\_

әкесі (анасы) \_\_\_\_\_

(мұрагердің ата-анасының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

қайтыс болған

оның \_\_\_\_\_

(үлес мөлшері, мұра қалдырушымен туыстық қатынастары, тегі, аты

және әкесінің аты (бар болса), туған күні және

\_\_\_\_\_ мұрагері болып табылатынын куәландырамын.

жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрған жері)

Осы куәлік берілген мұралық мүлік

\_\_\_\_\_ (куәлік берілген мүлік, идентификақтау сипаттамалары, осы мүліктің

меншік құқығын растайтын, құжаттардың және оның деректемелері

көрсетіледі)

тұрады.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: егер заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда "көрсетілген мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркеуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
3-қосымша

Нысан

### **ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК**

(мұрагерлік трансмиссия тәртібінде)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_ мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше

нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_\_-бабының негізінде 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған

азамат (ша) \_\_\_\_\_ мұрасының мұрагері

Азамат (ша)

\_\_\_\_\_ (мұра қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және мұра қалдырушымен туыстық қатынастары)

\_\_\_\_\_ болып табылады, бірақ оның 20\_\_ жылдың " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болуына байланысты мұра, оның

\_\_\_\_\_ (үлестің мөлшері, мұра қалдырушы мен туыстық қатынастары, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері)

\_\_\_\_\_ көшетінін куәландырамын.

Осы куәлік берілген мұралық мүлік

---

(куәлік берілген мұралық мүлік, идентификаттау сипаттамалары, осы мүліктің меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері көрсетіледі)

тұрады.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту:

1) егер мұраға құқық туралы куәлік бір мезгілде бірі тірі, ал енді біреулері мұраны қабылдап үлгермей қайтыс болған бірнеше мұрагерлерге берілсе, онда куәлік мәтінінде, мысалы "куәландырамын" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Ааматтық кодексінің \_\_\_ - баптарының негізінде" деген сөздерден кейін 20\_\_ жылы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қайтыс болған азамат (ша) (мұра қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) зайыбы (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, ұлы (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері) және 1/3 (үштен бір) үлес қызына (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) әрқайсысы оның мүлкінің үштен бір бөлігіне мұрагер болып табылатынын, бірақ қызының "\_\_\_" \_\_\_ 20\_\_ жылы қайтыс болуына байланысты мұраның көрсетілген үлесі оның күйеуіне (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)), туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі) және ұлына (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері) әрқайсысына тең үлеспен көшетінін куәландырамын".

Осы куәлік берілген мұралық мүлік \_\_\_\_\_ тұрады.

(куәлік берілген мүлік, идентификаттау сипаттамалары, осы мүліктің меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері көрсетіледі)

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_;

(қолы)

2) егер заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда: "көрсетілген

мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
4-қосымша

Нысан

## ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(мұраны қабылдаған, бірақ өзінің мұрагерлік құқықтарын рәсімдемеген қайтыс болған мұрагердің мүлкіне)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариуска мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_ мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_\_-бабының негізінде 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған азамат (ша)

\_\_\_\_\_ мүлкіне, оның

\_\_\_\_\_ (үлестің мөлшері, мұра қалдырушымен туыстық қатынастары, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұратын жері)

мұрагер болып табылатынын куәландырамын.

Осы куәлік берілген мұралық мүлік, 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған азамат (ша) \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және мұра қалдырушымен туыстық қатынасы)

тиесілі

\_\_\_\_\_ (куәлік берілген мүлік, идентификақтау сипаттамалары, осы мүліктің меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері көрсетіледі)

тұратын мұраны қабылдап, 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған, бірақ өзінің мұрагерлік құқықтарын рәсімдемеген азамат (ша) \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) мұра қалдырушымен туыстық қатынастары) оның мұрагері болған.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: егер заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда: "көрсетілген мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
5-қосымша

Нысан

## ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариуска мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_ мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың

нотариаттық округының атауы)

нотариусы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_ және

\_\_\_-бабының негізінде 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған

азамат (ша) \_\_\_\_\_ мүлкіне

оның \_\_\_\_\_

(мұра қалдырушымен туыстық қатынастары, тегі, аты және әкесінің аты

(бар болса), туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі,

тұрғылықты жері)

мұрагер болып табылатынын куәландырамын.

Осы куәлік берілген мұра, мұра қалдырушының мүліктік емес құқықтары мен міндеттері: \_\_\_\_\_

(мұра қалдырушының қайтыс болуына байланысты тоқтамайтын

мүліктік емес құқықтары мен міндеттері көрсетіледі)

тұрады.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2016 жылғы 29 ақпандағы

№ 104 бұйрығына

6-қосымша

Нысан

## ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 29.03.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(мұрагердің (лердің) мұрадан бас тарту жағдайында басқа мұрагердің (лердің) пайдасына)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

нотариус \_\_\_\_\_

(жекеше нотариусқа мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі,

берілген күні, мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше

нотариустың нотариаттық округының атауы)

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_-бабының негізінде \_\_\_\_\_

жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған азамат

(ша) \_\_\_\_\_ мүлкіне азамат

(ша) \_\_\_\_\_

(үлес мөлшері, мұра қалдырушымен туыстық қатынастары, (тегі, аты және

әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі,

тұратын жері)

оның ішінде \_\_\_\_\_ үлесі оның (олардың) пайдасына бас тартуына (ларына)

байланысты мұра

қалдырушының \_\_\_\_\_

(басқа мұрагерлердің туыстық қатынасын, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

көрсету керек (үлес мөлшері)

үлесіне мұрагер болып табылатынын куәландырамын.

Осы куәлік берілген мұралық

мүлік, \_\_\_\_\_ тұрады.

(куәлік берілген мүлік, идентификақтау сипаттамалары, осы мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері көрсетіледі).

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус: \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: Егер заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда: "көрсетілген мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
7-қосымша

Нысан

### ӨСИЕТ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

**Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 29.03.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

(мұрагердің (лердің) мұрадан бас тарту жағдайында басқа мұрагердің (лердің) пайдасына)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні, мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы 20\_\_ жылдың "\_\_\_"

(өсиетті куәландырған мемлекеттік нотариалдық кеңсенің немесе жекеше нотариустың немесе лауазымды адамның деректемелері)

№\_\_ тізілімде тіркеп куәландырылған өсиеттің негізінде "\_\_\_" 20\_\_ жылы

қайтыс болған азамат (ша) \_\_\_\_\_ өсиетте аталған

(өсиет қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) азамат(ша)

мүлкіне \_\_\_\_\_

(үлес мөлшері, өсиет қалдырушымен туыстық қатынастары, (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері,

\_\_\_\_\_ жеке сәйкестендіру нөмірі, тұратын жері)

оның ішінде оның (олардың) пайдасына бас тартуына (ларына) байланысты

\_\_\_\_\_ (басқа мұрагерлердің туыстық қатынасы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсету керек

үлесіне мұрагер болып табылатынын куәландырамын.

Осы куәлік берілген мұралық мүлік, \_\_\_\_\_

(куәлік берілген мүлік, идентификаттау сипаттамалары, осы мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ тұрады.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус: \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: 1) Егер өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда: "көрсетілген мұралық мүлікке

құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

2) Құпия өсиет негізінде мұра қалдырылған жағдайда " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы куәландырылған \_\_\_\_\_

(мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың немесе өсиетті куәландырған лауазымды адамның деректемелері))

және № \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелген "өсиет негізінде" деген сөздер " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы, нотариус қабылдаған \_\_\_\_\_

(өсиетті қабылдаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

нотариус жасаған құпия өсиетті ашу және жария ету хаттамасында қамтылған толық мәтін \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылдан бастап, № \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелген

"құпия өсиет негізінде" деген сөздермен ауыстырылады.



Нысан

## ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(кейбір мұрагерлердің үлесі ашық қалдырылған жағдайда)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа

мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_

мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың

нотариаттық округының атауы)

нотариусы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_\_-бабының

негізінде 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған

аз. \_\_\_\_\_ мүлкіне \_\_\_\_\_-әрқайсысы

(мұра қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

(мұра қалдырушымен

\_\_\_\_\_

туыстық қатынастары, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса),

туған күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұратын жері)

\_\_\_\_\_ үлесте мұрагер болып табылатынын куәландырамын.

(үлес мөлшері)

Осы куәлік берілген мұралық мүлік

\_\_\_\_\_

(куәлік берілген мүлік, идентификаттау сипаттамалары, осы

мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері

көрсетіледі)

тұрады.

Көрсетілген мұралық мүліктің \_\_\_\_\_ үлесіне мұраға құқық туралы

(үлес мөлшері)

куәлік әлі берілген жоқ.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: егер заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда: "көрсетілген мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
9-қосымша

Нысан

## ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(мұраның міндетті үлесіне)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариуска мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_ мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың  
нотариаттық округының атауы)

нотариусы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_\_-бабының негізінде \_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған азамат(ша) \_\_\_\_\_

мүлкінің \_\_\_\_\_ міндетті үлесіне

азамат (ша) \_\_\_\_\_

(мұра қалдырушымен туыстық және өзге де қатынастары, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні және

\_\_\_\_\_ мұрагер болып табылатынын куәландырамын.

жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрған жері)

Осы куәлік берілген көрсетілген \_\_\_\_\_ үлестегі мұралық (үлес мөлшері)

мүлік \_\_\_\_\_

(куәлік берілген мұралық мүлік, идентификаттау сипаттамалары, осы мүліктің меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері көрсетіледі)

тұрады.

Көрсетілген мұралық мүліктің \_\_\_\_\_ үлесіне өсиет бойынша (үлес мөлшері)

мұраға құқық туралы куәлік берілді (немесе "әлі берілген жоқ").

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді  
Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге  
Мөр Нотариус \_\_\_\_\_  
(қолы)

Ескерту: 1) мұраны ашу кезінде қолданыстағы заң бойынша мұрагерге тиесілі міндетті үлес көрсетіледі.

2) егер заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда "көрсетілген мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
10-қосымша

Нысан

## ӨСИЕТ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

**Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 29.03.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

(мемлекетке немесе заңды тұлғаға берілетін өсиет бойынша мұраға)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_

мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы \_\_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_

(мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың немесе өсиетті куәландырған лауазымды адамның деректемелері)

№ \_\_\_\_\_ тізілімде куәландырылған және тіркелген өсиеттің негізінде 20 \_\_\_\_ жылы

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған азамат(ша) \_\_\_\_\_

— (өсиет қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты(бар болса)  
өсиетте көрсетілген  
мүлкіне мұрагер \_\_\_\_\_

— (мемлекеттің атынан (мемлекеттік органның атауы және оның деректемелері)  
немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның атауы және оның деректемелері))  
\_\_\_\_\_ болып табылатынын куәландырамын.  
Осы куәлік берілген мұралық мүлік \_\_\_\_\_

— (куәлік берілген мүлік, идентификаттау сипаттамалары, осы  
\_\_\_\_\_ тұрады.  
мүліктің меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері көрсетіледі  
)

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

— Тізілімде № \_\_\_\_\_  
тіркелді  
Өндірілді: \_\_\_\_\_

— Мөр Нотариус: \_\_\_\_\_  
(қолы)

Ескерту: 1) Егер өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік міндетті түрде  
мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда: "көрсетілген мұралық  
мүлікке  
құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі  
тиіс.

2) құпия өсиет негізінде мұра қалдырылған жағдайда  
" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы куәландырылған \_\_\_\_\_

— (мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың немесе өсиетті  
куәландырған лауазымды адамның деректемелері))  
және № \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелген "өсиет негізінде" деген сөздер " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы,  
нотариус қабылдаған \_\_\_\_\_

— (өсиетті қабылдаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда))  
нотариус жасаған құпия өсиетті ашу және жария ету хаттамасында

ҚАМТЫЛҒАН ТОЛЫҚ МӘТІН \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда))

"\_\_" \_\_\_\_\_ жылдан бастап, № \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелген "құпия өсиет негізінде" деген сөздермен ауыстырылады.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
11-қосымша

Нысан

## ӨСИЕТ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 29.03.2019 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_ мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы 20 \_\_\_\_\_ жылдың " \_\_ " \_\_\_\_\_

(мемлекеттік нотариаттық кеңсенің және жекеше нотариустың немесе өсиетті куәландырған лауазымды адамның деректемелері)

№ \_\_\_\_\_ тізілімде куәландырылған және тіркелген өсиеттің негізінде

20 \_\_\_\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған азамат (ша) \_\_\_\_\_ өсиетте

(өсиет қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетілген мүлкіне

\_\_\_\_\_ (егер өсиет бойынша бірнеше мұрагер болса, үлес мөлшері,

егер өсиетте көрсетілсе, мұра қалдырушымен туыстық

қатынастары, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған

күні және жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері)

мұрагер болып табылатынын куәландырамын.

Осы куәлік берілген мұралық мүлік

\_\_\_\_\_ тұрады.

(куәлік берілген мүлік, идентификаттау сипаттамалары, осы мүліктің меншік

құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері көрсетіледі)

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус: \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: 1) Егер мұраға құқық туралы куәлік міндетті үлеске берілсе "көрсетілген мұралық мүліктің \_\_\_\_\_ үлесіне міндетті үлеске құқық туралы куәлік берілді (немесе "әлі берілген жоқ") деп көрсетіледі."

2) Егер куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда "көрсетілген мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

3) Құпия өсиет негізінде мұра қалдырылған жағдайда

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы куәландырылған

(мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың немесе өсиетті куәландырған лауазымды адамның деректемелері))

және № \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелген "өсиет негізінде" деген сөздер

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы, нотариус қабылдаған

(өсиетті қабылдаған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

нотариус жасаған құпия өсиетті ашу және жария ету хаттамасында қамтылған толық мәтін \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылдан бастап, № \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелген "құпия өсиет негізінде" деген сөздермен ауыстырылады.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
12-қосымша

Нысан

## ЗАҢ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(шетелде әрекет жасау үшін)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_ мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың  
нотариаттық округының атауы)  
нотариусы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің \_\_\_\_-бабының  
негізінде 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған  
азамат(ша) \_\_\_\_\_ мүлкіне  
(мұра қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)  
қандай жағдайда болмасын, қай жерде болмасын  
азамат (ша) \_\_\_\_\_  
(егер бірнеше мұрагер болса, үлестің мөлшері, мұра қалдырушымен  
туыстық қатынастары, азаматтығы, тегі, аты және әкесінің  
\_\_\_\_\_ мұрагер болып табылатынын  
аты (бар болса), туған күні және жері,  
жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері)  
куәландырамын.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_  
Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді  
Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге  
Мөр Нотариус \_\_\_\_\_  
(қолы)

Ескерту: заң бойынша мұраға құқық туралы куәліктің мәтіні, оның  
ішінде мұралық іс нөмірі, тізілімі және төленген сомасы толық  
жазылады, сол жақ бұрыштағы бос орынға мәтінге және нотариустың  
қолтаңбасына тигізілмей мөр қойылады.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
13-қосымша

Нысан

## **ӨСИЕТ БОЙЫНША МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ КУӘЛІК**

(шетелде әрекет жасау үшін)  
(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_  
күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_  
Мен, \_\_\_\_\_  
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа  
мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,  
\_\_\_\_\_  
мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың

нотариаттық округының атауы)

нотариусы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_ тізілімде

(мемлекеттік нотариаттық кеңсенің және жекеше нотариустың және өсиетті куәландырған лауазымды адамның деректемелері)

куәландырылған және тіркелген өсиеттің негізінде \_\_\_\_\_ жылы

" \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған

азамат (ша) \_\_\_\_\_

(өсиет қалдырушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

егер өсиет бойынша бірнеше мұрагерлер болса - үлес мөлшері, мұра қалдырушымен туыстық қатынастары,

мұрагерлердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған күні

мен жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері)

өсиетінде көрсетілген мүлкіне қайда жасалса да, қайда болса да

мұрагер(лер) болып табылатынын куәландырамын.

Мұралық іс № \_\_\_\_\_

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәліктің мәтіні, оның ішінде мұралық іс нөмірі, тізілімі және төленген сомасы толық жазылады, сол жақ бұрыштағы бос орынға мәтінге және нотариустың қолтаңбасына тигізілмей мөр қойылады. Өсиет бойынша мұраға құқық туралы аталған куәлік нақты мүлікке, егер мұндай халықаралық шартқа сәйкес көзделген жағдайда, беріледі.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
14-қосымша

Нысан

## МЕНШК ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(ерлі-зайыптылардың өтініштері бойынша берілетін ортақ мүлкіндегі үлеске)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_



Мен, \_\_\_\_\_  
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа  
мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_ мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың  
нотариаттық округының атауы)  
нотариусы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан  
Республикасының кодексінің \_\_\_\_\_-бабының негізінде және  
ерлі-зайыптылардың \_\_\_\_\_  
(ерлі-зайыптылардың тегі, аты және

\_\_\_\_\_ арыздарына  
әкесінің аты (бар болса), туған жылы мен жері, жеке сәйкестендіру  
нөмірі, олардың тұрғылықты жері)  
сәйкес, ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезінде жинаған ортақ  
мүлкіндегі \_\_\_\_\_ үлеске \_\_\_\_\_  
(үлес мөлшері) (ерлі-зайыптылардың қайсысына ортақ  
мүліктен қандай үлес жататыны көрсетіледі)  
меншік құқығы бар екенін куәландырамын.  
Аталған ерлі-зайыптылардың көрсетілген үлестегі меншік құқығы  
куәландырылған ортақ бірлескен мүлкі

\_\_\_\_\_ (меншік құқығы туралы куәлік берілген мүлік көрсетіледі, ол кімнің  
атында болды немесе бұрын кімнің атына тіркелді, осы  
\_\_\_\_\_ тұрады.

\_\_\_\_\_ мүліктің меншік құқығын растайтын құжаттар және оның деректемелері  
көрсетіледі)

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: егер меншік құқығы туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік  
тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда "көрсетілген мұралық мүлікке  
құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп  
көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
15-қосымша

Нысан

## МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(көзі тірі жұбайына ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариуска мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі,

берілген күні мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы) нотариусы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 33-бабының және "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 73-бабының негізінде азамат (ша)

(көзі тірі жұбайының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), туған жылы мен жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері)

20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс болған

(қайтыс болған жұбайының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көзі тірі жұбайы болып табылатынын және аталған ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған ортақ мүлкіндегі  $\frac{1}{2}$  үлеске меншік құқығы бар екенін куәландырамын.

Осы куәлік бойынша азамат (ша) \_\_\_\_\_

(көзі тірі жұбайдың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

тиесілі аталған үлеске меншік құқығы көрсетілген бірлесіп жинаған ортақ мүлік \_\_\_\_\_

(үлеске куәлік берілетін меншік құқығындағы мүлік көрсетіледі және оның идентификаттау сипаттамалары, осы мүліктің меншік құқығын растайтын құжаттар және оның \_\_\_\_\_ тұрады.

деректемелері көрсетіледі)

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: егер меншік құқығы туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік

тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда "көрсетілген мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
16-қосымша

Нысан

## МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(қайтыс болған жұбайының ортақ бірлескен мүлкіндегі анықталған үлесіне)

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі,

\_\_\_\_\_ берілген күні мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан

Республикасының кодексінің -бабының негізінде 20\_\_ жылы " \_\_ " \_\_\_\_\_

қайтыс болған азамат (ша) \_\_\_\_\_ жұбайы болып

табылатын азамат (ша) \_\_\_\_\_

(қайтыс болған жұбайының тегі, аты және әкесінің аты (бар

болса)) (көзі тірі жұбайының тегі, аты және әкесінің аты

(бар болса))

Аталған ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған ортақ мүлкіндегі  $\frac{1}{2}$  үлесіне меншік құқығы бар екенін куәландырамын.

Осы куәлік бойынша азамат (ша) \_\_\_\_\_

(қайтыс болған жұбайдың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

тиесілі аталған үлеске меншік құқығы көрсетілген бірлесіп жинаған

ортақ мүлік

\_\_\_\_\_ (үлеске куәлік берілетін меншік құқығындағы мүлік және оның идентификаттау сипаттамалары; ол кімнің атына тіркелгені, осы мүліктің меншік құқығын растайтын құжаттар

\_\_\_\_\_ тұрады.

және оның деректемелері көрсетіледі)

Жинаған ортақ мүліктің 1/2 (екіден бір) үлесінің құқығы көзі тірі

жұбайының \_\_\_\_\_ меншігінде

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

қалады.

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: егер меншік құқығы туралы куәлік міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікке берілсе, онда "көрсетілген мұралық мүлікке құқықтың ауысуы тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге жатады." деп көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
17-қосымша

Нысан

## **АЗАМАТТЫҢ ТІРІ ЕКЕНДІГІ ФАКТИСІН КУӘЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КУӘЛІК**

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариуска  
мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі,

\_\_\_\_\_ берілген күні, мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе

жекеше нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңының \_\_\_\_\_

-бабының негізінде азамат(ша) \_\_\_\_\_ тірі

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) туған күні мен

жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, азаматтығы)

екендігін және тұратынын куәландырамын.

Азамат (ша) \_\_\_\_\_ бүгін \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минутта

(келіп отырғанның тегі, аты және әкесінің

аты (бар болса) туған күні)

маған \_\_\_\_\_ нотариустың мына мекенжайдағы үй-жайына

(нотариустың тегі, аты және әкесінің

аты (бар болса)

өзі келді.

(нотариустың немесе мемлекеттік нотариат кеңсенің атауы  
мекенжайы көрсетіледі)

Оның жеке басы анықталды.

Тізілімде № \_\_\_\_\_ тіркелді

Өндірілді: \_\_\_\_\_ теңге

Мөр Нотариус: \_\_\_\_\_

(қолы)

Ескерту: егер аталған куәлік шетелде әрекет жасау үшін арналған жағдайда, куәліктің мәтіні, оның ішінде тізілімдегі нөмірі мен төленген сома толығымен жазылады, сол жақ бұрыштың бос жеріне, мәтін мен нотариустың қолына тигізілмей мөр қойылады.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылғы 29 ақпандағы  
№ 104 бұйрығына  
18-қосымша

Нысан

**Кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз азаматтың  
тірі екендігі фактісін куәландыру туралы  
КУӘЛІК**

(ауыл, кент, қала, аудан, облыс, республика) \_\_\_\_\_

күні, айы, жылы жазумен \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (жекеше нотариусқа  
мемлекеттік лицензия берген орган және нөмірі, берілген күні,

\_\_\_\_\_

мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе жекеше

нотариустың нотариаттық округының атауы)

нотариусы 20\_жылдың " \_\_ " \_\_\_\_\_ туылған кәмелетке толмаған (әрекетке  
қабілетсіз)

азамат(ша), \_\_\_\_\_ тірі

(тегі, аты және әкесінің аты (егер бар болса) туған жері, жеке  
сәйкестендіру нөмірі, азаматтығы, тұрғылықты жері)

екендігін және \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_ минутта маған нотариус \_\_\_\_\_

